

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ
ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР
ТЕСТИРОВАНИЯ»

**Жоғары және жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру
бағдарламаларын іске асыратын
Қазақстан Республикасының білім
беру ұйымдарының қабылдау
комиссиясының төрағаларына**

*2020 жылғы магистратураға кешенді тестілеуге
қатысу үшін өтініш қабылдау туралы*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес 2020 жылы магистратураға түсушілерден кешенді тестілеуге қатысу үшін өтініштерін қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі - Орталық) сайты арқылы 2020 жылдың 15 маусымы мен 15 шілдесі аралығында жүргізіледі.

Магистратураға түсушілерге арналған араб тілінен түсу емтиханы және шығармашылық емтихандар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) 2020 жылдың 20 - 28 шілде аралығында өткізіледі.

Магистратураға кешенді тестілеудің өткізу мерзімі – 2020 жылдың 1-15 тамыз аралығында.

Қағидаларға сәйкес шығармашылық емтихандар және (немесе) араб тілінен түсу емтихандары жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін ЖЖОКБҰ-мен дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтихандарды және (немесе) араб тілінен түсу емтиханын оқуға түсетін ЖЖОКБҰ-да тапсырады.

Түсушілердің магистратураға білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуы үшін ЖЖОКБҰ-лар, меншік нысанына қарамастан, шығармашылық емтихандар және (немесе) араб тілінен түсу емтиханы аяқталған күні ақпараттық жүйе арқылы Орталыққа шығармашылық

емтихандардың және (немесе) араб тілінен түсу емтиханының нәтижесін жіберулері тиіс. ЖЖОКБҰ-лардың емтихан нәтижелерін толтыруына арналған арнайы сілтеме қосымша жіберілетін болады.

2020 жылы магистратураға түсу үшін кешенді тестілеуге қатысушылар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясына жүгінбей дербес (өз бетімен) өтініш береді.

Өтініш беру үшін түсуші:

- 1) <https://egov.kz> сайтында модильдік азаматтар базасына тіркеледі;
- 2) <https://did.gov.kz> сайтында Digital.ID-цифрлық паспортын құрады;
- 3) Орталықтың <https://pvo-zayav.testcenter.kz> сайты арқылы тіркеліп, кешенді тестілеуге қажетті мәліметтерді толтырады.

Бұл ретте түсуші жоғары білім мамандығына сәйкес магистратурадағы білім беру бағдарламаларының тобын таңдауы қажет.

Сонымен бірге кешенді тестілеуге төлем бағдарламалық кешен арқылы онлайн жасалады.

Шығармашылық дайындықты және араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсушілердің тізімі сәйкес ЖЖОКБҰ-ға жіберіліп отыратынын хабарлаймыз.

Шығармашылық дайындықты және араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары бойынша түсушілерді ЖЖОКБҰ-да өткізілетін емтихан кестесімен таныстыру ЖЖОКБҰ қабылдау комиссияларының құзыретіне кіретінін ескертеміз.

Барлық қосымша сұрақтар бойынша 8(7172) 69-50-97, 69-52-74, 69-52-73 телефондарына хабарласуға болады.

Директор

Д. Смагулов

*Орын.: Скабаева Т
Тел.: 8 (7172) 69-50-97*

Согласовано

23.06.2020 18:19 Скабаева Толкын Несипбаевна

24.06.2020 08:00 Каскеева Айнагуль Зарлыковна

24.06.2020 22:23 Дидарбекова Наужан Абдисатовна

Подписано

25.06.2020 00:34 Смагулов Дидар Нуркенович